

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Төлем одағын құру туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 25 мамырдағы N 2301

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_2-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 21 қазанда Мәскеуде қол қойылған Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Грузия Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Тәжікстан Республикасы, Түркменстан, Өзбекстан Республикасы, Украина Мемлекеттерінің Басшылары жасасқан Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Төлем одағын құру туралы келісім бекітілсін.

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті